


Корней Чуковский

ПУШАЙМАН ФЕДОРА



Дала кезіп елегің,
Асыр салды астауың.

Кімге керек құр өкпе?!
Сыпыртқы ерді күрекке.
Ешкіңіздің бар есі
Ұшты содан зәресі:

«Өзің қара шық тағы
Не боп кетті?
Ұқпадым».

Еш нәрсені қозғамай да қиратпай,
Көстеңдеді темір көсеу сирақтай.

Кездік, кездік, кездік, кездік, кездіктер:
«Ұстаңыздар, ұстаңыздар тездікпен!»

«Үтікжан-ай! – деді ышқынып кастрюль, –
Маза кетті менен әбден, қашты үрей.
Тоқтай алман, айырылдым еркімнен,
Жүгіремін, жүгіремін серпінмен!»

Кофейникті қуып жүрген аршындап
Аққұманың сөйлеп кетті қалшылдап...

Жеткірініп үтіктерің әрқилы
Жүгіреді, шалшықтардан қарғиды.

Олардан соң қарқындарын еселеп,
Бір-біріне қақтығады кеселер.

Әр дыбыстың өзіне тән үні бар:
Сыңғырлайды, шыңылдайды шынылар.
Сол дыбыстан құлағыңыз тынады.
Стақандар соқтығысып сынады.

